

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

болсын талдаудың түрін жеңілдете алады. Ол алуан түрлі статистикалық және қаржылық ақпаратты таңдамалық бөлу және өңдеу, сақтау үшін өте икемлі құрал болып табылады.

Қорытындылай келе, SAP жүйесі мен XBRL-ді компанияның өміріне енгізудің бастапқы шығындарына қарамастан, олар қысқа мерзімнің ішінде акционерлер немесе потенциалды инвесторлар анықтап алатын артықшылықтар арқылы орны толтырылады: басқарушылық функция мен сенімділіктің артуы арқасында компания үлкен көлемдегі инвестициялық тартымдылығы және әртүрлі қадағалаушы органдарға есептілікті уақытылы ұсыну. Қазіргі тағда инновациялардың дамуына байланыста аталған жүйелер тек қана ірі бизнес үшін ғана емес, сонымен қатар орта және шағын кәсіпкерлікте өзінің пайдалылығы мен маңыздылығын тигізе алады.

Қолданылған әдебиет:

1. SAP Kazakhstan Journal, «Передовые технологии SAP для управления бизнесом», 2015, 12 бет;
2. <http://fd.ru/programms/xbrl.html>, Хисонов С.К., «XBRL что это за программа и ее описание», 2015;
3. BPC ConsultLtd Journal, «Инструкция пользователя SAP Business Objects Financial Consolidation», 2015.

ӘОЖ 637.2

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Сейтпанова Акбота

totka93_15_93@mail.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық

Университетінің 1 курс магистранті

Ғылыми жетекші: Сапарбаева С.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, есеп берудің екі түрі бар: акционерлерді, қалың жұршылықты, банктерді, сондай-ақ сақтандыру ұйымдары мен үкімет органдарын кәсіпорынның жұмыс жағдайы мен оның қаржылық жағдайы және есепті кезеңдегі шаруашылық қызметінің нәтижесімен таныстыру үшін қаржылық газеттер мен бюлетендерге, арнайы анықтамаларды басылып шығарылатын қаржылық есеп беру. Есеп берудің екінші түрі – басқару талдауы, бұл кәсіпорын шығаратын өнімдердің жеке түрлерінің өзіндік құнының нормативтері туралы, сондай-ақ сапасының төмендігіне немесе тауардың мөлшерден тыс шығарылып, өтпей қалуына байланысты мәліметерден тұратын қатаң құпияландырылған, басқа тұлғалар үшін жабық есеп болып табылады. Ішкі талдау басқару есебі, ал сыртқы талдау қаржылық есеп негізінде жүргізіледі [1].

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырады. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады: салыстырмалы талдау; көлденең талдау; тікелей талдау; трендтік талдау; факторлық талдау; қаржылық коэффициенттер әдісі.

Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Салыстыру – бұл танымның ғылыми әдісі, мұнда белгісіз құбылыстар, заттар бұрын зерттелген белгілі құбылыспен салыстырылады, бұл олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындау мақсатымен жасалады. Салыстырудың көмегімен

экономикалық құбылыстардың жалпы және спецификалық, зерттеліп жатқан объектілердің өзгерісі, даму тенденциялары мен заңдылықтары анықталады. Экономикалық талдауда салыстыру барлық есептерді шешуде негізгі немесе көмекші әдіс ретінде қолданады. Салыстыруды қолдана отырып жетістікке жететін қарапайым жағдайлар мен мақсаттарды айта кетейік.

1) Жоспардың орындалу дәрежесін бағалау үшін жоспарлы және нақты көрсеткіштерді салыстыру.

2) Нақты көрсеткіштер мен нормативтік көрсеткіштерді салыстыру шығындарды бақылауға және ресурсты сақтаушы технологиясын енгізуге мүмкіндік береді.

3) Нақты көрсеткіштерді өткен жылдар көрсеткіштерімен салыстырып экономика процесстерінің даму тенденциясын анықтау.

4) Кәсіпорынның талдамалы көрсеткіштерін ғылыми жетістіктермен және басқа кәсіпорындар немесе бөлімшелер жұмысының алдыңғы қатарлы тәжірибесімен салыстыру қорларды іздеуге қажет.

5) Талдамалы шаруашылық көрсеткіштерді жеткен нәтижелерді бағалау және қолданылмаған қорды анықтау үшін аудан, аймақ, облыс бойынша орташа көрсеткіштерімен салыстыру.

6) Зерттеліп жатқан көрсеткіштердің өзара байланысын анықтау үшін қатарласқан және динамикалық қатарларды салыстыру. Мысалы, бірізгіде жалпы өнімнің өндірістік көлемінің өзгеріс динамикасын, негізгі өндірістік қор және қайтарым қорын талдағанда бұл көрсеткіштердің өзара байланысын дәлелдеуге болады.

7) Басқарушылық шешімдердің әртүрлі нұсқаларын салыстыру мақсатымен ең қолайласын таңдау.

8) Қызмет нәтижесін кез келген фактордың өзгерісіне дейін және кейін салыстыру, факторлар әсерін есептеген кезінде және қорларды есептегенде қолданылады.

Қатарласқан және динамикалық қатарларды талдау әртүрлі көрсеткіштер арасындағы байланыс бағыттары мен формаларын анықтау мен негіздеу үшін қолданады. Осы мақсатта көрсеткіштердің бірін сипаттайтын сандарды ұлғайтатын немесе кемімелі ретте орналастыруы керек және осыған байланысты басқа зерттелетін көрсеткіштердің өзгеруін қарастырады: ұлғая ма, кемі ме және қандай деңгейде [2].

Экономикалық талдауды салыстырмалы талдаудың келесі түрлері ажыратылады: көлденең, тігінен, трендік, сонымен қатар бір шамалы және көп шамалы.

Көлденең (уақытша) талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей (құрылымдық) талдау - әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі жеке баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Тігінен талдау көмегімен экономикалық процесстер мен құбылыстардың құрылымы жеке бөліктердің үлес салмағын, бір бүтіннің бөліктері арасындағы өзара қатынасын (Мысалы: меншікті және қарыздық капитал, негізгі және айналым капиталы) есептеу жолымен анықталады. Сонымен қатар сәйкес фактордың өзгерісіне дейінгі және кейінгі олардың шамаларын салыстыру жолымен нәтижелік көрсеткіштердің деңгейіне факторлар әсерін зерттейді.

Трендік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Басқаша айтқанда, трендік талдау әрбір есеп позициясын бір қатар өткен кезеңдермен салыстыруды және тренді, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерінен тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді.

Бірөлшемді салыстырмалы талдауда бір объектіні бір немесе бірнеше көрсеткіштері бойынша немесе бірнеше объектілерді бір көрсеткіш бойынша салыстыру орындалады.

Көпөлшемді салыстырмалы талдау көмегімен көрсеткіштердің үлкен спектрі бойынша бірнеше кәсіпорындардың (бөлімшелердің) қызметінің нәтижелерін салыстыру жүргізіледі

Шаруашылық қызметінің кешендік бағалануы өндіріс нәтижелері туралы жалпылама мәліметтері бар және экономикалық процесстерін анықтайтын жиынтық көрсеткіштерді зерттеу нәтижесінде алынған, кәсіпорын қызметінің мінездемесі болып табылады. Бәріне мәлім, комплекстік бағалау үшін неғұрлым көбірек көрсеткіштер пайдаланылса, соғұрлым талдау қорытындысы дұрыстырақ болады. Бірақ бұл мақсатқа байқам ұмтылу қажет, себебі көрсеткіштер санының өсуі комплекстік бағалаудағы есептеу жұмысын қиындатады және нәтижелігін түсіреді [9].

Талдау жасаған кезінде бір маңызды шартты орындау қажет – көрсеткіштердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету қажеттілігін, себебі салыстыруға тек сапалы біртекті шамаларды болады. Сонымен қатар келесі талаптар орындалу керек:

- көлемді, құнды, сапалы, құрылымдық факторлардың біртұтастығы;
- салыстырылып отырған көрсеткіштердің есептелу мерзім кезеңдерінің немесе аралықтарының біртұтастығы;
- өндірістің берліген талаптарының салыстырмалылығы;
- көрсеткіштер мен олардың құрамын есептеу әдістемесінің біртұтастығы.

Талаптардың көбісі бәріне мәлім. Оларды орындау қиыншылықтарды туғызбайды. Бірақ салыстыруға болайтындар көзге бірден түсе қоймайды, ал оған жету нақты күш салуды қажет етеді.

Салыстыру үшін алынған көрсеткіштер әртүрлі уақыт аралығын алатын

болса, онда бұл сәйкессіздікті түзету жолымен оңай жеңуге болады. Егер олар әртүрлі уақыт кезеңдеріне алынса, онда салыстыруды тек бір көрсеткішті ауыстыру жолымен ғана ала аламыз.

Көрсеткіштерді салыстыру келесі қатардағы жағдайларды, яғни абсолютті шаманың орнына орташа және қатысты шамаларды алғанда мүмкін болады. Әртүрлі шаруашылықтағы абсолютті көрсеткіштерді, мысалы өнім өндірісінің көлемі, негізгі құралдардың құны, кіріс сомасын олардың жер аумағының есебінсіз салыстыруға болмайды. Бірақ егер абсолютті көрсеткіштер орнына қатысты көрсеткіштерді алатын болсақ, онда оларды салыстыруға болады.

Коэффициенттер қатысты шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынасты көрсетеді [3].

Шешімдер қабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты болады. Бұл – қатынастарды талдаудың ең қиын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының ішкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді, мысалы, саладағы жалпы экономикалық жағдайлар, кәсіпорын басшылығының саясаты және басқалар. Қатынасты талдау болашаққа бейімделуі тиіс. Әлдеқайда кең таралған және зерттелген көрсеткіштерге мыналар жатады: өтімділік, қаржылық тұрақтылық, табыстылық және іскерлік белсенділік.

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың (себептердің) қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде – тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол – кері (синтез) болуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген әдістермен қатар, қаржылық жағдайды талдауда экономикалық (элиминирлеу, баланстық үйлесу және тағы басқа), сондай-ақ экономикалық және

математикалық статистиканың (топтау, орташа және салыстырмалы шама, графиктік және индекстік әдістер, корреляция, регрессия және тағы басқа) дәстүрлі тәсілдері қолданылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау алға қойылған мақсаттарға, талдаудың ақпараттық, әдістемелік, кадрлық және техникалық қамтамасыз етілуі мен мерзімдік шектеулерге байланысты 2 кезеңнен тұрады:

- қаржылық есепті экспресс-талдау;
- қаржылық жағдайды терең талдау.

Қаржылық жағдайды экспресс-талдаудың мақсаты - шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы мен даму динамикасына қарапайым, әрі көрнекі түрде баға беру.

Экспресс-талдау 3 сатыны қамтиды:

1) Дайындық кезеңі. Бұл кезеңнің мақсаты – қаржылық есеп беруді талдаудың мақсатқа сәйкестілігі туралы шешім қабылдау және қаржылық есептің талаптарға сәйкес жасалынғандығына көз жеткізу. Ол үшін қаржылық есепке берілген аудиторлық қорытындымен танысу, есеп беру формаларына техникалық сипатта (есеп формаларының болуы, оларда тиісті реквизиттер мен лауазымды тұлғалардың қолдарының болуы, баланс валютасы мен аралық жиынтықтардың қосындысы, т.б.) тексеру жүргізу қажет.

2) Қаржылық есепке алдын – ала шолу жасау. Бұл кезеңнің мақсаты – қаржылық есепке түсіндірме хатпен танысу. Ережеге сәйкес, түсіндірме хатта кәсіпорынның есеп саясаты ашып көрсетіледі. Сонымен бірге субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, оған әсер еткен негізгі факторлар, табысты бөлу бойынша шешімдер, болашақта жүзеге асырылатын экономикалық шаралар, сондай-ақ қаржылық есеп мәліметтерін пайдаланушыларды қызықтыратын басқа да ақпараттар көрініс табады. Оған қоса талдаушы кәсіпорынның салалық ерекшелігімен, нарықтағы жағдайы туралы басқа да қосымша мәліметтермен танысуы керек.

3) Қаржылық есеп көрсеткіштерін экономикалық оқу және оны талдау. Бұл кезеңнің мақсаты – кәсіпорынның қаржылық жағдайы мен оның қаржылық-шаруашылық қызметіне жалпылама баға беру. Бұл кезеңде кәсіпорынның қызметінің нәтижесіне әсер еткен объективті, әсіресе, субъективті факторлардың әсеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі кей жағдайларда өндірістен шеккен зиян кәсіпорын қызметінен тәуелсіз сыртқы, объективті факторлар есебінен болуы мүмкін. Сонымен бірге қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесіне тек ағымдағы кезеңдегі мәліметтер негізінде ғана емес, динамикада, өткен кезеңдер нәтижесімен немесе басқа кәсіпорындардың көрсеткіштерімен салыстырмалы баға берілуі керек [4].

Экспресс-талдаудың негізгі элементі - бухгалтерлік баланспен жұмыс істей алу.

Балансты оқу келесілерді қамтиды:

- зерттеліп отырған кезеңдегі баланс валютасының өзгерісін бағалау;
- баланс валютасының өсу қарқынын өндіріс, сату көлемі, табыс сомасының өзгеру қарқындарымен салыстыру;
- баланстың жеке бөлімдері, топтары мен баптары арасындағы байланысты оқу;
- баланстың жеке бөлімдері мен жеке баптардың өзгеру сипатын талдау.

Балансты оқу баланс валютасының өзгерісін анықтаудан басталады. Баланс валютасының өсуі субъектінің өндірістік мүмкіншілігінің өсуін көрсетеді және оң бағаланады. Сонымен бірге экспресс-талдау жеке баптардың өзгерісін оқуды талап етеді. Баланс активінде ақша қаржыларының, қаржылық салымдардың, негізгі қорлар құнының өсуі оң бағаланса, пассивте 1-бөлімнің, әсіресе, бөлінбеген табыс бабының сомасының өсуі оң бағаланады.

Егер кәсіпорын қалыпты жұмыс істесе, онда баланста келесідей қатынастар сақталуы тиіс:

1) Активтің 1-бөлімінің жиынтығы пассивтің 1-бөлімінің жиынтығынан аз немесе меншікті капитал сомасы ұзақ мерзімді активтер сомасынан көп болуы тиіс. Бұл байланыстың экономикалық мазмұны келесідей: егер кәсіпорын қалыпты жұмыс істесе, онда

оның меншікті капиталы толығымен ұзақ мерзімді активтерге ғана емес, бір бөлігі меншікті айналыс қаражаттарына жұмсалуды тиіс.

2) Ағымдық активтер сомасы ағымдық міндеттемелер сомасынан көп болуы тиіс. Бұл теңсіздік бірінші теңсіздікпен байланысты. Яғни, егер кәсіпорын қалыпты жұмыс істесе, онда оның айналыс қаражаттарының бір бөлігі меншікті капитал есебінен қаржыландырылуы тиіс. Басқаша айтсақ, кәсіпорын ағымдық міндеттемелерін бірден толықтай өтеген жағдайдың өзінде, оның айналысында меншікті айналыс қаражаты қалуы керек.

Қаржылық жағдайға экспресс-талдау жүргізу негізінде кәсіпорынның қаржылық жағдайына одан әрі терең талдау жасаудың қажеттілігі не негізсіздігі анықталады. Дегенмен, соңғы қорытынды қаржылық жағдайға терең, жан-жақты талдау жүргізілгеннен кейін берілуі тиіс. Қаржылық жағдайға экспресс-талдау барысында көңіл аударылуы тиіс негізгі көрсеткіштерді келесідей топтастыруға болады Кесте 1.

Кесте 1 - Қаржылық жағдайды экспресс-талдау үшін көрсеткіштер жүйесі

Талдау бағыты	Көрсеткіштер
Субъектінің экономикалық потенциалын бағалау	
Мүліктік жағдайды бағалау	активтердің жалпы құны (баланс валютасы)
	өндірістік мүлік құны
	негізгі қорлар құны, олардың активтегі үлесі, мен жағдайы
Қаржылық жағдайды бағалау	меншікті капиталдың жиынтық капиталдағы үлесі
	меншікті және заемдық қаражаттардың қатынасы
	өтімділік көрсеткіштері
	ағымдық активтердегі меншікті айналыс қаражатының үлесі
«Осал» баптардың болуы	жабылмаған зиян
	қамтамасыз етілмеген несие
	ұзартылған салықтар, кредиторлық берешек
Субъектінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін бағалау	
Табыстылықты бағалау	жалпы табыс, таза табыс, бөлінбеген табыс
Табыстылықтың қатысты көрсеткіштері мен іскерлік белсенділікті бағалау	активтердің, меншікті капиталдың табыстылығы
	активтер, меншікті және айналым капитал айналымдылығы
	еңбек өнімділігі
	қор қайтарымы, қор сыйымдылығы
материал қайтарымы, материал сыйымдылығы	
Ескерту – Әдебиет [5]	

Кәсіпорынның мүліктік жағдайын бағалаушы көрсеткіштеріне жатады:

активтердің жалпы құны (баланс валютасы), өндірістік мүлік құны, негізгі қорлар құны, олардың активтегі үлесі, олардың жағдайы жатады.

Қаржылық жағдайды бағалау көрсеткіштеріне жатады: меншікті капиталдың жиынтық капиталдағы үлесі, меншікті және заемдық қаражаттардың қатынасы, өтімділік көрсеткіштері, ағымдық активтердегі меншікті айналыс қаражатының үлесі жатады.

Кәсіпорынның «осал» баптардың болуын айқындау үшін келесі көрсеткіштер зерттеледі: жабылмаған зиян, қамтамасыз етілмеген несие ұзартылған салықтар, кредиторлық берешек жатады.

Қолданылған әдебиет:

- 1 Халықаралық қаржылық есеп стандарттары- www.Минфин.kz
- 2 Лоханина И.М., Золкина З.К. Основы анализа финансового состояния предприятия. Учебное пособие. – Ярославль, 2007
- 3 Лысенко Д.В. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности. - М.: Инфра-М, 2008.С. 156

- 4 Чуев И.Н. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности. - М.: Дашков и К, 2012.С. 219
- 5 Седова Е.И. Анализ бухгалтерской (финансовой) отчетности. Оценка структуры имущества предприятия и источников его формирования // «Консультант бухгалтера». – 2012. – №11. – С. 15–21.
- 6 Стоянов Е.А., Стоянова Е.С. Экспертная диагностика и аудит финансово-хозяйственного положения предприятия. НКЦ «Перспектива», -М.:2011.-90с

УДК 657.2222 Т-25

БИОЛОГИЧЕСКИЕ АКТИВЫ КАК ОСНОВНОЙ ОБЪЕКТ УЧЕТА В СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Советова Салтанат Жанатовна

95saltanat95@mail.ru

студент 3 курса специальности «Учет и аудит» ЕНУ

им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель: Н.Таштанова

В настоящее время в нашей стране и в мире вопросы сельскохозяйственной и продовольственной политики стали как никогда актуальными. Большое значение приобретает обеспечение продовольственной безопасности страны на основе устойчивого развития сельскохозяйственного производства.

В послании Президента РК народу Казахстана подчеркивается: «...Особо хочу сказать об агропромышленном комплексе, благодаря развитию которого решаются важнейшие для страны задачи – обеспечение продовольственной безопасности... » [1].

Агропромышленный комплекс представляет собой единственный вид межотраслевого объединения разнопрофильных отраслей экономики, где производство продуктов растениеводства и животноводства, связанное с использованием природно-хозяйственных и других естественных факторов хозяйствования, происходит в сочетании с применением живого труда, а также предметов орудия труда, выпускаемых промышленностью.

Сельское хозяйство развивается в двух направлениях: животноводство и растениеводство, каждый из которых имеет свою особенность и специфику, которые оказывают влияние на организацию бухгалтерского учета в данной отрасли. Поэтому в сельскохозяйственных предприятиях основными видами их имущества являются биологические активы т.е. растения и животные.

Биологический актив - это объект учета, калькуляции и анализа себестоимости в сельскохозяйственной деятельности. Чтобы раскрыть суть биологических активов, необходимо понять, что собой представляет сельскохозяйственная деятельность. Сельскохозяйственная деятельность - это управления биотрансформацией животных и растений (биологических активов) в целях реализации, получения сельскохозяйственной продукции или производства дополнительных биологических активов[2].

Среди многообразия сельскохозяйственной деятельности можно выделить ряд общих характеристик:

- способность к изменению. Животные и растения поддаются биологической трансформации, который включает в себя процессы роста, дегенерации, производства и произведения потомства, приводящим к качественным и количественным изменениям в биологическом активе.

- управление изменениями. Управление способствует биотрансформации путем создания благоприятных, или по крайней мере, стабильных условий, необходимых для